

## **Дәрілік заттарды дайындау ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитеті Төрайымының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 142 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 12 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3359. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 19 қарашадағы N 747 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009.11.19 N 747 бұйрығымен.*

"Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңының 25-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған дәрілік заттарды дайындау ережесі бекітілсін.
2. Фармацевтикалық бақылау басқармасы (Л.Ж. Ахметова):
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;
  - 2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
  3. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.
4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

### *Төрайым*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Д е н с а у л ы қ                      с а қ т а у                      м и н и с т р л і г і  
Ф а р м а ц и я                      к о м и т е т і                      т ө р а й ы м ы н ы ң  
2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      1 5                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N 142 бұйрығымен бекітілген

## **Дәрілік заттарды дайындау ережесі**

### **1. Сұйық дәрілік заттарды дайындау ережелері**

1. Осы Ереже ішуге және сыртқа қолдануға арналған сұйық дәрілік түрлерді дайындаудың негізгі тәсілдерін қамтиды, олардың сапасы қолданымдағы Мемлекеттік фармакопеямен (бұдан былай мәтін бойынша - МФ) және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен реттелетін талаптарға сай болуға тиіс.

2. Осы ережелер ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дәрілік түрлерді дайындауға құқығы бар барлық дәріханаларда сұйық дәрілік түрлердің дайындалуын реттейді.

3. Сұйық дәрілік түрлерді дайындауда, сондай-ақ тазартылған су мен инъекцияға арналған суды алғанда, сақтағанда және жұмыс орнына бергенде, дәріханада қолданыстағы Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2002 жылғы 25 наурыздағы N 9 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1818 тіркелген " Дәріханалық ұйымдардың құрылғылары, жабдықтары және пайдаланудың" санитарлық ережелері мен нормалардың талаптары сақталуға тиіс.

А с е п т и к а л ы қ ж а ғ д а й л а р д а :

1) инъекция мен инфузияға арналған ерітінділер;  
2) қуыстарға толтыруға арналған құрамында микроағзалар жоқ ирригациялық е р і т і н д і л е р ;

3) жаңа туғандар мен бір жасқа толмаған балаларға арналған сұйық дәрілік т ү р л е р ;

4) құрамында антибиотиктер мен басқа да микробқа қарсы заттар бар, сондай-ақ жарақаттар мен күйген жерлерге жағуға арналған сұйық дәрілік т ү р д е г і п р е п а р а т т а р ;

5) көз тамшылары, суландыру мен сулауға арналған офтальмологиялық е р і т і н д і л е р ;

6) концентрациялық ерітінділер (оның ішінде гомеопатикалық ерітінділер);

7) дәріханаішілік дайындаулар түріндегі сұйық дәрілік түрлер дайындалады.

4. Дайындау, дайындаудан кейінгі сатысындағы және дәріханадан босатылу кезіндегі сұйық дәрілік түрлерге дәріханаішілік бақылау жасау заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

5. Ерітінділер мен басқа да сұйық дәрілік түрлер: салмағы, көлемі бойынша салмақтық-көлемдік тәсілдермен дайындалады. Қолданымдағы МФ сұйық дәрілік түрлерді дайындаудағы негізгі салмақтық-көлемдік тәсіл ретінде қабылданған.

6. Дайындалу тәсіліне байланысты сұйық дәрілік түрдегі дәрілік заттар құрамы: салмағы, көлемі бойынша салмақтық-көлемдік концентрацияда а й қ ы н д а л а д ы .

Салмақтық-көлемдік концентрация - сұйық дәрілік түрдің жалпы көлеміндегі ( миллилитрлердегі) дәрілік заттың немесе дербес заттың көлемі (грамдардағы); салмағы бойынша концентрациясы - сұйық дәрілік түрдің жалпы көлеміндегі ( грамдардағы) дәрілік заттың немесе дербес заттың көлемі (грамдардағы);

көлемдік концентрация - сұйық дәрілік түрдің жалпы көлеміндегі ( миллилитрлердегі) дәрілік заттың немесе дербес заттың көлемі ( миллилитрлердегі).

7. Концентрация рецептерінде: салмақтық-көлемдік (а), салмағы бойынша (б) және көлемдік концентрация (в) жазбаша түрде былай белгіленуі мүмкін:

п а й ы з ( % ) ; м ы с а л ы :

Rp: Solutionis Natrii bromidi 2% - 200 ml (а);

Rp: Solutionis Camphorae oleosae 2% - 50,0 (б);

Rp: Solutionis Acidi hydrochlorici 2% - 200 ml (в);

дәрілік затты және дисперсиондық ортаны (еріткішті) бөлек көрсету арқылы;

м ы с а л ы :

Rp: Natrii bromidi 4,0  
Aqua purificatae 200 ml (а);

Rp: Camphorae 1,0  
Olei Helianthi 49,0 (б);

Rp: Acidi hydrochlorici 4 ml  
Aqua purificatae 196 ml (в);

еріткішті белгіленген көлеміне немесе салмағына дейін көрсету арқылы:

Rp: Natrii bromidi 4,0  
Aqua purificatae ad 200 ml (а);

Rp: Camphorae 1,0  
Olei Helianthi ad 50,0 (б);

Rp: Acidi hydrochlorici 4 ml  
Aqua purificatae ad 200 ml (в);

ерітілетін дәрілік заттың салмағының немесе көлемінің арақатысын және ерітіндінің көлемін немесе салмағын көрсету арқылы; мысалы:

Rp: Solutiohis Natrii bromidi ex 4,0 - 200 ml  
(seu 1:50 - 200 ml)  
( а ) ;

Rp: Solutiohis Camphorae oleosae ex 1,0 - 50,0 (б);

Rp: Solutiohis Acidi hydrochlorici ex 4 ml - 200 ml  
(seu 1:50 - 200 ml) (в).

Дайындаудың салмақтық-көлемдік тәсілінде концентрацияны, мысалы 1:10 немесе 1:20 деп белгілеу дайындалатын сұйық дәрілік түрдің көрсетілген көлеміндегі (мг) заттың немесе дәрілік заттың салмағы бойынша (г) құрамын білдіреді, яғни 1 г затты немесе дәрілік затты және ерітіндіні 10 мл немесе 20 мл сұйық дәрілік түр алынғанға дейін ерітеді.

Дәрілік түрді салмағы бойынша дайындау тәсілінде концентрацияны 1:10 немесе 1:20 деп белгілеу сұйық дәрілік түрдің көрсетілген салмағындағы (г)

затты немесе дәрілік заттың салмағы (г) бойынша құрамын білдіреді, яғни 1 г затты немесе дәрілік затты және 9 г немесе 19 г ерітіндіні алу керек.

Көлемі бойынша дайындау тәсілінде концентрацияны 1:10 немесе 1:20 деп белгілеу дәрілік түрдің көрсетілген көлеміндегі (мл) заттың немесе дәрілік заттың көлемі бойынша (мл) құрамын білдіреді, яғни 1 г затты немесе дәрілік затты және ерітіндіні 10 мл немесе 20 мл сұйық дәрілік түр алынғанға дейін ерітеді.

#### 8. Салмақтық-көлемдік концентрацияда:

- 1) қатты дәрілік заттардың сулы және сулы-спиртті ерітінділері;
- 2) құрамында 3% төмен қатты заттар бар сулы және сулы-спиртті суспензиялар дайындалады;

3) ерітіндідегі дәрілік заттың концентрациясы көрсетілген химиялық атаумен рецептіге жазылған стандартты ерітінділер ерітіледі (осы Ережелердің 18-тармағы).

#### 9. Салмағы бойынша концентрацияда:

- 1) салмағы бойынша мөлшерленетін тұтқыр және ұшпа ерітінділерде қатты және сұйық дәрілік зат ерітінділері, сондай-ақ суспензиялар мен эмульсиялар;
- 2) гомеопатикалық сұйық дәрілік заттар дайындалады.

Салмағы бойынша: майлы және минералдық майлар, глицерин, димексид, полиэтиленгликольдар (полиэтиленоксидтер), силикондық сұйықтықтар, эфир, хлорформ, сондай-ақ: бензилбензоат, валидол, винилин (Шостаковский бальзамы), қайың қарамайы, ихтиол, сүт қышқылы, эфир майлары, скипидар, метилсалицилат, нитроглицерин, пергидроль мөлшерленеді.

10. Көлемдік концентрацияда рецепте шартты атаумен жазылып берілген түрлі концентрациядағы спирт ерітінділері, хлорлы сутегі қышқылдары мен стандартты ерітінділер дайындалады (осы Ереженің 18-тармағының 1) және 3)-тармақшалары);

Көлемі бойынша: инъекцияға арналған тазартылған суды, дәрілік заттардың судағы ерітінділерін (оның ішінде қант шырынын), галендік және жаңа галендік дәрілік заттарды (тұнбаларды, сұйық экстракттарды, адонизидті және басқаларын) мөлшерлейді.

Егер рецепте жазбаша берілетін және салмағы бойынша мөлшерленетін сұйықтықтың көлемін немесе керісінше рецепте жазбаша берілетін және көлемі бойынша мөлшерленетін сұйықтықтың салмағын анықтау қажет болса, олардың тығыздық мәні осы Ереженің 1, 2-қосымшаларына сәйкес қолданылады.

Егер жазбада ерітінді көрсетілмесе, сулы ерітінді дайындалады. Айрықша нұсқаулар болмаған жағдайда "су" деген атауды тазартылған су ретінде түсіну керек.

"Спирт" деген атауды этил спирті ретінде түсіну керек. Спирт

концентрациясы туралы нұсқаулар (рецептте немесе тиісті нормативтік құжатта) болмаған жағдайда 90% спирт қолданылуы керек.

"Эфир" деген атауды медициналық эфир ретінде түсіну керек.

"Глицерин" деген атауды құрамында 10-16% су бар, тығыздығы 1,223-1,233 г/см<sup>3</sup> глицерин ретінде түсіну керек.

11. Құрамында кристалданған су молекулалары бар заттардың судағы ерітіндісін дайындағанда, кристалданған судың құрамын есепке ала отырып, дәрілік заттың көлемін есептеп шығару ол жазбалар қатарымен және сандық анықтау тәсілімен реттелетін жағдайда қолданымдағы МФ-ға немесе басқа нормативтік құжаттарға сай жүргізіледі.

Күшті гигроскопиялық заттар концентрацияланған ерітінділер түріндегі сұйық дәрілік түрлерді (мысалы, кальций хлоридің, калий ацетатын) дайындау үшін қолданылады.

12. Жалпы көлем дәрілік түрдің сапасын бақылау кезінде ескеріледі.

Сұйық дәрілік түрлерді дайындау: алдын ала дайындалып, концентрацияланған дәрілік заттардың (концентраттардың) МЕМСтандартқа сәйкес қалыпталған бюреткалық қондырғылары мен өлшегіш ыдыстарын қолдануға, сондай-ақ дайындаудың белгілі бір ережелерін сақтауға негізделген.

13. Фармацевтік өндірістер мен кәсіпорындар шығаратын құрамы мен технологиясы жөніндегі нормативтік құжаттары бар сұйықтықтар (меновазин, йодтың спирттік ерітіндісі және басқалары), сол құжаттамаларға және осы Ережелердің 3 қосымшасы 2-тарауы 20-тармағына сәйкес нұсқауларға сай дайындалуы мүмкін.

14. Сұйық дәрілік түрді дайындағаннан кейін рецепт жазбасында көрсетілген жалпы көлем мен салмақтан ауытқушылық қолданымдағы нормативтік құжатта белгіленген ауытқушылыққа жол берілетін нормадан аспауға тиіс.

Бірнеше қатты заттарды еріту жолымен сұйық дәрілік түрді дайындағанда, олардың жиынтық құрамы 3% және одан көп болса ғана жалпы көлемнің өзгеруі есепке алынады.

15. Дайындаудың жалпы ережелері, дәрілік заттарды еріту мен араластыру р е т і .

Сулы дисперсиялық ортада сұйық дәрілік түрді дайындағанда, бірінші кезекте судың есептелген (инъекция үшін тазартылған немесе хош иісті) көлемін өлшеп бөліп алады, оған ерігіштігі және олардың өзара әрекеттесу ықтималдығы ескеріле отырып, қатты дәрілік заттар мен қосалқы заттар рет-ретімен ерітіледі.

Өлшеніп алған су көлемінде есірткі, психотроптық заттар мен улы заттар мен прекурсорлар алдымен ерітіледі, одан кейін рецепт бойынша босатылатын дәрілік заттар, одан әрі қарай ерігіштігі ескеріле отырып, қалған басқалары

ерітіледі.

Орташа аз немесе баяу еритін заттардың ерігіштігін арттыру үшін оларды алдын ала уатады, ал қажет болғанда дайындау процесінде физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып, ерітінділерді қыздырады және араластырады.

Өте аз ерігіш немесе мүлдем ерімейтін заттардың ерітіндісін дайындағанда, жоғарыда аталған операциялардан басқа ерігіш туындылар алу (кешен түзу, ерігіш тұздар түзу) операцияларын және нормативтік құжаттамаға сәйкес солюбилизацияны қолданады.

Дайындалған ерітіндіні материалы заттың физикалық-химиялық қасиеттері мен ерітіндінің тағайындалуы ескеріліп таңдалған сүзгі арқылы өткізеді.

Қатты дәрілік заттар дәрілік түр құрамына қатты затты ерітіп және ерітіндіні сүзгіден өткізгеннен кейін осы Ережелердің 4-7 қосымшасына сәйкес алдын ала дайындалған концентрациялық ерітінділер түрінде енгізілуі мүмкін.

Егер дәрілік түр құрамына басқа сұйық дәрілік заттар енетін болса, оларды сулы ерітіндіге мынадай ретпен қосады:

- 1) ұшпа емес сулы және иісі жоқ сұйықтықтар;
- 2) сумен араласатын өзге ұшпа немесе сұйықтықтар;
- 3) сулы ұшпа сұйықтықтар;
- 4) оның концентрациясының өсуіне қарай құрамында спирт бар сұйықтықтар (осы Ережелердің 8 қосымшасына сәйкес);
- 5) ұшпа және иісі бар сұйықтықтар.

Әртүрлі сұйықтықтарды араластырған кезде олардың белгілі бір тізімге жатқызылатыны, ерігіштігі мен сумен еру қабілеті ескерілуге тиіс.

Ерітіндіні тұтқыр және ұшпа ерітінділерде дайындағанда, тікелей босатылуға арналған құрғақ сауытта дәрілік затты немесе затты, қосалқы затты мөлшерлейді, одан кейін еріткіштің салмағын анықтайды (спиртті өлшейді).

Тұтқыр еріткіштерді (глицеринді, майды) қолданғанда, дәрілік заттың физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып, қыздыруды пайдаланады.

Спиртте немесе хлорформда еріткенде тек қажеттілік болғанда және сақтық шараларын ескере отырып қыздырады.

Құрамында ұшпа заттар бар ерітінділерді 40-45 ° С-дан аспайтын температурада қыздырады.

Құрамында эфир мен оның спиртпен қоспасы бар сұйықтықтарды қыздырмайды.

Ерітінділерді еріткіштің тұтқырлығы мен ұшпалылығын ескере отырып, таңдап алынған материал арқылы булануға байланысты шығындарды азайту үшін сақтық шараларын сақтай отырып, құрғақ сүзгі материал арқылы өткізеді.

16. Салмақтық-көлемдік немесе көлемдік концентрациядағы сұйық дәрілік түрдің жалпы көлемі:

1) Компоненттерін бөлек жазғанда, дәрілік түрдің жалпы көлемін рецепт жазбасында көрсетілген барлық сұйықтықтардың көлемін қосу арқылы анықтайды.

1 м ы с а л  
Rp: Solutionis Glucosi 10% - 200 ml  
Solutionis Citrali spirituosae 1% - 2 ml  
Magnesii sulfatis 4,0  
Natrii bromidi 2,0  
Sirupi simplicis  
Tincturae Valerianae ana 10 ml

Микстураның жалпы көлемі 222 мл-ге (200+2+10+10) тең.

2) Егер дәрілік түрдің құрамына салмағы (M) бойынша жазылған сұйықтық енгізілсе, оның көлемі (V) тығыздығын (p) есепке алумен анықталады (осы Ережелердің 1, 2-қосымшасына сәйкес):

$$V = \frac{M}{p}$$

2 м ы с а л .  
Rp: Solutionis Kalii acetatis 10% - 100 ml  
Adonisidi 5 ml  
Glycerini 10,0

Жазбада сұйықтық, салмақ бойынша жазылған глицерин бар. Глицерин көлемін анықтау үшін оның тығыздығының орташа мәнін пайдаланады. 10 г глицериннің көлемі 8 мл-ге тең.

Дәрілік түрдің жалпы көлемі - 113 мл (100+5+8).

2) Рецепт жазбасында микстураның жалпы көлемі көрсетілген.

3 м ы с а л .  
Rp: Codeini phosphatis 0,12  
Natrii bromidi 4,0  
Tincturae Belladonnae 5 ml  
Tincturae Valerianae 20 ml  
Aguae purificatae ad 200 ml

Жалпы көлем рецепт жазбасында көрсетілген және 200 мл-ге тең.

4 м ы с а л .  
Rp: Adonisidi 5 ml

Solutionis Natrii bromidi 3% ad 100 ml

Микстураның жалпы көлемі рецепт жазбасында көрсетілген және 100 мл-ге тең.

17. Салмақ бойынша концентрацияда дайындағанда сұйық дәрілік түрдің жалпы салмағы.

Рецепт жазбасында жеке жазып көрсетілгенде жалпы салмақты жазбаға кіретін барлық компоненттердің салмағын қосу арқылы анықтайды.

Жалпы салмақ жазбада көрсетілуі мүмкін (мысалы, "ad 200,0"; "5% - 200,0", "1 : 20 - 200,0").

Егер жазбада көлемі бойынша жазып берілген сұйықтық болса, оның салмағы тығыздығы (ρ) есепке алыну арқылы анықталады:

$$M = V \times \rho$$

18. Қатты ерігіш заттар мен концентрацияланған ерітінділерден салмақтық-көлемдік дайындау кезіндегі сұйық дәрілік түрлердің жалпы көлемінің өзгеруі.

Қатты затты еріткен кезде, егер ол ауытқуға жол берілетін нормаға сәйкес болса, жалпы көлемнің өзгеруін есепке алмаса да болады.

Жалпы көлемнің өзгеруі жол берілетін ауытқу нормасына сәйкес келетін пайыз бойынша әрбір дәрілік зат үшін ең жоғары (C max) концентрация мына формула бойынша есептеп шығарылады:

$$C_{max} (\%) = \frac{N}{\dots}$$

КҰК,

мұнда: N - препараттың көрсетілген жалпы көлемі үшін ауытқуға жол берілетін норма, %;

КҰК - 1 г затты 20 °С, мл/г еріткендегі көлемнің ұлғаю коэффициенті (осы Ережелердің 9 қосымшасына сәйкес).

5 мысал.

R p :      A n a l g i n i      3 , 0

N a t r i i      b r o m i d i      4 , 0

A g u a e      p u r i f i c a t a e      2 0 0      m l

Микстураны натрий бромидінің 20% концентрацияланған ерітіндісін пайдалану арқылы дайындайды.

Көлемнің өзгеруі жол берілетін нормадан артық болуы байқалатын анальгиннің ең жоғары (C max, %) концентрациясы жоғарыда көрсетілген формула бойынша есептеп шығарылады:



$$C_{\max} = \frac{0,68}{2} = 2,94\%$$

Жазбада анальгин 1,5% концентрациясында жазып берілген, сондықтан 3 г анальгинді еріткен кезде көлемнің өзгеруін есепке алмауға болады.

3 г анальгинді 180 мл суда ерітеді, босатылуға арналған сауытқа сүзгіден өткізіп құяды және 20% натрий бромиді ерітіндісінің 20 мл-ін үстемелеп қосады.

6 м ы с а л .

Rp: Solutionis Calcii chloridi 5% - 200 ml  
 Glucosi 60,0  
 Natrii bromidi 3,0

Микстураны кальций хлоридінің 50% және натрий бромидінің 20% концентрацияланған ерітінділерін қолдану арқылы дайындайды. Глюкозаның концентрацияланған ерітіндісі қазіргі кезде дәріханада жоқ.

Көлемнің өзгеруі жол берілетін нормадан артқаны байқалатын сусыз глюкозаның ең жоғары концентрациясы - 3,1%:

$$C_{\max} = \frac{0,64}{2} = 3,1\%$$

Бұл жазбада глюкоза 30% концентрациясында жазылып берілген, яғни оны еріткен кездегі көлемнің өзгеруін есепке алу қажет.

Рецептте көрсетілген 60 г сусыз глюкозаның орнына құрамында 10% ылғалдылық бар 66,6 г глюкоза алу қажет. Сулы глюкозаны еріткен кезде көлемнің өзгеруі 46 мл (66,6\*0,69) құрайды. 66,6 г глюкоза 119 мл тазартылған ыстық суда ерітіледі, босатуға арналған сауытқа сүзгіден өткізіп құяды, 20 мл 50% кальций хлориді ерітіндісін және 15 мл натрий бромидінің 20% ерітіндісін өлшеп алады.

19. Осы Ережеге 17-қосымшада көрсетілген Стандартты фармакопоялық ерітінділерді еріту.

Кез келген концентрациядағы хлорлы сутегі қышқылы ерітіндісі ол бірлік ретінде (100%) қабылдана отырып, ерітілген (8,2-8,4%) хлорлы сутегі қышқылынан дайындалады.

Ерітілген сутегі қышқылы ерітіндісі, сондай-ақ дәріханаішілік дайындаудағы 10% (1:10) ерітіндіні алу үшін де пайдаланылады (бұл тұрғыда қышқылдың концентрациясы 0,82-0,84% болады).

7 м ы с а л .

Rp.: Acidi hydrochlorici diluti 4ml  
 Pepsini 4,0  
 Aquae purificatae 150 ml

Микстураның жалпы көлемі 154 мл. Босатылуға арналған сауытқа 114 мл тазартылған су мен 40 мл 1:10 ерітілген хлорлы сутегі қышқылы ерітіндісі (немесе 150 мл тазартылған су мен 4 мл 8,3% ерітілген хлорлы сутегі қышқылы) өлшеніп алынады. Қышқылданған суда 4 г пепсинді ерітеді.

24,8-25,2% концентрациясындағы хлорлы сутегі қышқылы тек рецептте тиісті нұсқаулар болған жағдайда ғана босатылады.

24,8-25,2% концентрациясындағы хлорлы сутегі қышқылы қосымша нұсқауларсыз Демьянович жазбасы бойынша N 2 ерітінді дайындауға қолданылады.

8 м ы с а л .

Rp.: Solutionis Asidi hydrochlorici 6% - 100 ml  
(Демьянович жазбасы бойынша N 2 ерітінді)  
Ерітіндінің көлемі - 100 мл.

Босатылуға арналған сауытқа 94 мл тазартылған су мен 6 мл 24,8-25,2% хлорлы сутегі қышқылы өлшеніп алынады.

24,8-25,2% концентрациясындағы хлорлы сутегі қышқылы болмаған жағдайда 8,2-8,4% концентрациясында ерітілген хлорлы сутегі қышқылын пайдалануға болады, бұл жағдайда оны 3 еседей артық алу керек.

Босатылуға арналған сауытқа 82 мл тазартылған су мен 18 мл ерітілген хлорлы сутегі қышқылы өлшеніп алынады.

2) Аммиак пен сірке қышқылының ерітінділері

Аммиак пен сірке қышқылының ерітінділері стандартты ерітіндідегі дәрілік заттың нақты құрамына қарай дайындалады. Есептеген кезде мына формула қолданылады:

$$V = \frac{V_1 \times C_1}{C}$$

C,

мұнда: V - стандартты ерітіндінің көлемі, мл;

V<sub>1</sub> - дайындалатын ерітіндінің қажетті көлемі, мл;

C<sub>1</sub> - ерітіндінің қажетті концентрациясы, %;

C - стандартты ерітіндінің концентрациясы, %.

3) Негізгі алюминий ацетаты, калий ацетаты, сутегі пероксиді, формальдегид е р і т і н д і л е р і .

Осы стандартты ерітінділерді тиісті концентрациясына жеткізе отырып дайындауға арналған есептеулерді орындағанда, рецепт жазбасында ерітінділер қандай (химиялық немесе шартты) атаумен жазылғаны ескеріледі.

Егер осы заттардың ерітінділері химиялық атаумен (осы Ережеге 17-қосымша) жазылып берілсе, есептеулер стандартты ерітінділердегі оның нақты құрамын

есепке ала отырып жүргізіледі, ал егер шартты атаумен жазылып берілсе, дайындаған кезде стандартты ерітінді (100%) бірлік ретінде қабылданады.

Формальдегид пен сутегі пероксидінің қосылған ерітінділерін дайындау үшін құрамында 36,5% кем емес формальдегид бар формалинді және құрамында 30% аса сутегі пероксиді бар пергидроль ерітіндісін қолдануға рұқсат етіледі.

Есептеген кезде концентрациялар айырмашылығын есептеу коэффициенттерін (ЕК) пайдалану арқылы ескереді.

9 м ы с а л .

Rp.: Solutionis Formaldehydi 5% - 200 ml

Ерітінді химиялық атаумен жазылып берілген.

Формальдегидтің ерітуге қажетті стандартты ерітіндісінің миллилитрлер көлемін (X), оның ерітіндідегі нақты құрамын (мысалы, формальдегидтің 34% концентрациясын) ескере отырып, мына формуламен есептейді:

$$X = \frac{200 \times 5}{34} = 29,4 \text{ мл}$$

34

Тазартылған су - 170,6 мл (200 - 29,4) мл.

10 м ы с а л .

Rp.: Solutionis Formalini 5% - 200 ml

Ерітінді шартты атаумен жазылып берілген. Есептегенде стандартты ерітіндіні (100%) бірлік ретінде қабылдайды.

10 мл формальдегидтің стандартты (36,5-37,5%) ерітіндісін және 190 мл тазартылған суды алу керек.

34% формальдегид ерітіндісін пайдаланған жағдайда ЕК 1,08 (37:34) тең болады. 34% формальдегид ерітіндісінің есептелген көлемін 1,08 (10 x 1,08) көбейтеді, яғни осы ерітіндінің 11 мл-ін және тазартылған судың 189 мл-ін алу керек.

11 м ы с а л .

Rp.: Solutionis Hydrogenii peroxydi 20% - 100 ml

Ерітінді химиялық атаумен жазылып берілген. Ерітуге қажетті пергидрольдің грамдар көлемін (X) (мысалы, сутегі пероксидінің 40% концентрациясындағы), мына формуламен есептейді:

$$X = \frac{20 \times 100}{40} = 50 \text{ г.}$$

40

40% пергидрольдің 50 г өлшеп алып, оған 100 мл ерітінді алынғанға дейін тазартылған су қосады.

12 м ы с а л .

Rp.: Solutionis Perhydroli ex 20,0 - 100 ml

Ерітінді шартты атаумен жазылып берілген. Жазылып берілген ерітіндіні дайындау үшін 20 г стандартты пергидроль ерітіндісін және 100 мл-ге дейін тазартылған су алу керек. 40% концентрациясындағы пергидрольден дайындағанда соңғысын азырақ алу керек. ЕК шамасы 0,75 (30:40), яғни 15 г (20 x 0,75) т е ң .

40% концентрациясындағы 15 г пергидрольді өлшеп алады және 100 мл-ге дейін тазартылған су қосады.

Пергидрольді көлемі бойынша мөлшерлегенде оның тығыздығын ескере отырып, есептеулер жасау қажет (осы Ережелердің 2 қосымшасына сәйкес).

3% сутегі асқын тотығы ерітіндісінің дәріханаішілік дайындамасын дайындау кезінде 0,05% көлеміндегі натрий бензоаты тұрақтандырғышын қосу керек.

Егер рецепт жазбасында ерітінді концентрациясы көрсетілмесе, онда:

8,3% ерітілген хлорлы сутегі қышқылы ерітіндісі;  
3% сутегі пероксиді;  
30% сірке қышқылы;  
10% аммиак;

37% формальдегид босатылады.

20. Құрамында хош иісті су бар сұйық дәрілік түрлерді дайындау.

Хош иісті суларды қолданымдағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес дайындайды және сақтайды (осы ережелердің 14 қосымшасына сәйкес).

Хош иісті суларды көлемі бойынша мөлшерлейді. Қатты дәрілік заттарды еріткенде, рецептте жазылып берілген хош иісті судың мөлшері көлемнің өзгеру шамасына қарай азайтылмайды.

Рецепт жазбасында хош иісті су көлемі дәл көрсетілген жағдайда қатты дәрілік заттарды еріткен кездегі көлемнің өзгеруін дайындалған дәрілік түрдің сапасын бақылағанда ескереді. Жалпы көлемді есептегенде, дәрілік заттың КҰК мәні қолданылады (осы Ережелердің 9 қосымшасына сәйкес).

Негізгі дисперсиондық ортасы хош иісті су болып табылатын микстураларды дайындағанда, дәрілік заттардың концентрациялық ерітінділері қолданылмайды.

1 3 м ы с а л .

R p . : G l u c o s i 1 0 , 0

K a l i i i o d i d i 4 , 0

A d o n i s i d i

T i n c t u r a e M e n t h a e a n a 5 m l

S i r u p i s i m p l i c i s

T i n c t u r a e V a l e r i a n a e a n a 1 0 m l

A q u a e M e n t h a e 2 0 0 m l

Рецепт жазбасында мяталы судың дәл көлемі көрсетіліп, бақылау кезінде ескерілетін микстураның жалпы көлемі көрсетілмеген. Бұл жағдайда жалпы (

238,6 мл) көлемді жазбада жазылып берілген сұйық компоненттердің (230 мл) барлық көлеміне кристалданған су құрамын (11,11 x 0,69) ескере отырып, 11,11 г глюкозаны және 4 г калий иодидін (4 x 0,23) еріткен кездегі ұлғайған көлемді (8,6 мл) қосу арқылы анықтайды.

Тұғыр ыдысқа 200 мл мяталы су өлшеп алып, 11,11 г глюкоза мен 4 г калий иодидін араластыру арқылы ерітеді.

Ерітіндіні босатуға арналған сауытқа сүзгі арқылы құяды. Араластыру кезінде 10 мл қант шырынын, 5 мл адонизид (құрамында 18-25% спирт бар), 10 мл шүйгін шөп тұнбасын (70% спирт концентрациясында), 5 мл жалбыз тұнбасын (90% спирт концентрациясында) үстемелеп қосады.

1 4 м ы с а л .

R p . :        G l u c o s i        1 0 , 0  
              K a l i i        i o d i d i        4 , 0  
                                  A d o n i s i d i

T i n c t u r a e    M e n t h a e    a n a    5    m l  
                                  S i r u p i        s i m p l i c i s

T i n c t u r a e    V a l e r i a n a e    a n a    1 0    m l  
              A q u a e    M e n t h a e    a d    2 0 0    m l

Рецепт жазбасында мяталы судың дәл көлемі көрсетілмеген, ал микстураның жалпы көлемі көрсетілген. Бұл жағдайда хош иісті судың көлемі жалпы (200 мл) көлемнен сұйық компоненттердің (30 мл) көлемін және глюкоза мен калий иодидін еріту кезіндегі ұлғайған көлемді алып тастау арқылы анықталады.

Микстура дайындауға арналған мяталы су көлемі 161,4 мл (200 - 5 - 5 - 10 - 10 - 8,6) құрайды.

Кейбір сұйық препараттарды дайындау ерекшеліктері осы Ережелердің 14 қосымшасында берілген.

21. Ішуге және сыртқа қолдануға арналған дәрілік түрлерді дайындау кезінде түрлі концентрациядағы спиртті мөлшерлеудің есептеулері мен ережелері.

Рецепте жазылып берілген спирт көлемі көлемдік өлшем бірлігіне сәйкес болады.

Спиртті еріту кезінде қолданымдағы МФ мен осы Ережелердің 10, 11 қосымшаларында келтірілген кестелер қолданылады.

Есептік концентрациядағы акцизсіз спиртті босату нормасы салмаққа шаққанда 50 г құрайды. Рецептте "Әлеуметтік мақсат бойынша" деп көрсетілген жағдайда - 100 г-нан аспауға тиіс. Спиртті салмағы бойынша есепке алу үшін кестелер қолданылады (осы Ережелердің 12 қосымшасындағы 1-11 кестелер).

Дәрілік заттарды дайындау кезінде спиртті көлемі бойынша мөлшерлейді, бұл орайда рецептте көрсетілген көлемді дәрілік затты еріту кезінде оның өсу шамасына қарай азайтпайды. Дәрілік нысан көлемін бақылағанда жалпы көлемі

ескеріледі.

Бақылау жасағанда ескерілетін дәрілік заттарды еріту кезіндегі көлем өзгерісін дәрілік заттардың КҰК мәнін қолдана отырып есептеп шығарады (осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес).

Стандартты спирттік ерітінділерді дайындағанда нормативтік құжаттамада көрсетілген спирт концентрациясы қолданылады (3 қосымша).

Егер рецепт жазбасында нормативтік құжатта дәрілік заттардың бірнеше концентрациясымен ұсынылған ерітінді концентрациясы көрсетілмей жазылып берілсе, онда аз концентрациялы ерітінділер, яғни мыналар:

- 1) 1% бриллиант көгі;
  - 2) 1% йод;
  - 3) 1% бор қышқылы;
  - 4) 1% салицил қышқылы;
  - 5) 0,25% левомецетин;
  - 6) 1% ментол;
  - 7) 1% резорцин;
  - 8) 2% камфора босатылады.
- 15 мысал.

R p . :        M e n t h o l i        1 , 0  
                  A n a e s t h e s i n i        2 , 5  
                  N o v o c a i n i        3 , 0  
S p i r i t u s        a e t h y l i c i        5 0        m l

Босатылуға арналған сауытқа 3 г новокаин, 2,5 г анестестин мен 1 г ментол таразыға өлшеніп алынады және 50 мл 90% спирт өлшеніп алынады.

Дәрілік заттарды еріткендегі көлемнің ұлғаюын есепке алғанда, ерітіндінің жалпы көлемі 55,6 мл-ге тең. Көлемнің ауытқуы ауытқудың жол берілетін нормасынан (+ 4%) асады, мұны ерітіндіні бақылағанда ескеру қажет.

16 мысал.

R p . :    S o l u t i o n i s    N o v o c a i n i    s p i r i t u o s a e    6 %    5 0    m l  
                                  M e n t h o l i        1 , 0  
                                  A n a e s t h e s i n i        2 , 5

Жазбада спирттің көлемі көрсетілмей, новокаинның спирттік ерітіндісінің көлемі көрсетілген.

Көлемнің өзгеруіне жол берілетін ауытқу нормасына (+ 4%) сәйкес болатын новокаинның ең жоғары концентрациясы 4,97% (4:0,81) құрайды.

Рецепт жазбасында 6% новокаин ерітіндісі (50 мл ерітіндідегі 3 г зат) жазылып берілген.

Олай болса, рецепт жазбасында көрсетілген новокаин ерітіндісінің көлемін (КҰК 0,81 мл/г) алу үшін 47,6 мл 90% спиртті (50 - 3 x 0,81) қолдану керек.

Ментол мен анестезинді 47,6 мл 90% спиртте еріткеннен кейін ерітіндінің жалпы көлемі 53,2 мл-ге тең болады (новокаин ерітіндісінің 50 мл және ментол (1 x 1,1) мен анестезинді (2,5 x 0,85) еріткеннен кейінгі көлемнің 3,2 мл-ге өсуі).

Жалпы көлемнің ауытқуы мұнда да ауытқуға жол берілетін нормаға (+4%) сай емес, мұны бақылау кезінде ескеру қажет.

1 7 м ы с а л .

R p . : M e n t h o l i 1 , 5

N o v o c a i n i

A n a e s t h e s i n i a n a 2 , 0

S p i r i t u s a e t h y l i c i 7 0 % - 7 0 m l

70 мл 70% спирт құрамында 51,04 мл 96% спирт болады, бұл салмағы бойынша 41,23 құрайды (осы Ережелердің 11, 12 қосымшасы, 2 кесте), сондықтан дәрілік түр дайындалуға жатқызылады (спирттің есепке алу концентрациясының 50 г босатылу нормасынан артпаған).

Дәрілік заттарды еріткеннен кейінгі препараттың жалпы көлемі 74,97 мл, бұл ауытқуға жол берілетін нормадан (+3%) артық, сондықтан анализ кезінде көлемнің өзгеруін есепке алады.

1 8 м ы с а л .

R p . : A n a e s t h e s i n i 2 , 0

A c i d i b o r i c i 1 , 5

P i c i s l i q u i d a e 5 , 0

O l e i R i c i n i 2 , 5

S p i r i t u s a e t h y l i c i 9 6 % a d 5 0 m l

Рецептте спирттің көлемі көрсетілмеген. Дәрілік түрдің жалпы көлемі көрсетілген. Қарамай мен майсана майы алатын көлемді (осы Ережелердің 1 қосымшасы), сондай-ақ ауытқуға жол берілетін нормаға сай келмейтіндіктен анестезин мен бор қышқылын еріткен кездегі көлем өзгерісін (осы Ережелердің 9 қосымшасы) дәрілік түрдің жалпы көлемінен шығарып тастау арқылы 96% спирттің көлемі анықталады.

2,5 г майсана майы 2,6 мл (2,5:0,958) көлемнің орнын, 5 г қарамай - 5,3 мл (5:0,938) көлем орнын алады; анестезинді еріткен кездегі көлем өзгерісі - 1,7 мл (2 x 0,85), бор қышқылын еріткенде - 0,97 мл (1,5 x 0,65) болады. Барлығы - 10,6 мл.

96% спирттің көлемі 39,4 мл құрайды.

Алдын ала таразыға өлшеніп босатылуға арналған сауытқа майсана майы мен қарамайды өлшеп алады, бұрын дайындалып қойған 39,4 мл 96% спирттегі анестезин мен бор қышқылының спирттік ерітіндісін үстемелеп қосады.

22. Құрамында сулы бөліністер бар дәрілік түрлерді дайындау.

Сулы бөліністерді (тұнбалар мен қайнатпаларды) қолданымдағы МФ талаптарына сай дәрілік өсімдік шикізатын тазартылған сумен экстракциялау,

сондай-ақ құрғақ немесе сұйық экстракттарды (концентраттарды) тазартылған судың есептелген көлемінде еріту арқылы дайындайды.

Алдын ала белгілі едәуір жоғары концентрациядағы сулы бөліністерді, одан кейін үстемелеп араластыру мақсатымен дәріханаларда дайындауға және қолдануға тыйым салынады, өйткені шикізаттан концентрацияланған бөліністерді дайындағанда биологиялық белсенді заттардың толымды экстракциясына қол жеткізілмейді.

Тұнбалар мен қайнатпаларды дайындағанда дәрілік өсімдік шикізатын сулы бөліністерді дайындауға арналмаған тұнбалармен, эфир майларымен және экстрактылармен алмастыруға жол берілмейді.

Тазартылған судың экстракциялау үшін қажет көлемі мен шикізат көлемін есептегенде, су сіңіру коэффициенттерінің немесе шығындалу коэффициенттерінің мәндері қолданылады (осы Ережелердің 13 қосымшасына с ә й к е с ) .

Сулы бөліністерді дайындағанда, дәрілік өсімдік шикізатының стандарттылығы; оның ұсақталуы мен гистологиялық құрылымы; шикізат салмағы мен экстрагент көлемінің арақатынасы; әсер етуші және қосалқы заттардың физикалық-химиялық қасиеттері; материал аппаратуралары мен сулы бөлініс сапасына әсер етуші басқа да факторлар ескеріле отырып, экстракциялаудың оңтайлы жағдайлары қамтамасыз етіледі.

Шикізатты сығып және сүзіп алудан кейін дайындалған сулы бөліністерді тазартылған сумен рецепт жазбасында көрсетілген көлемге дейін жеткізеді.

Галендік және жаңа галендік дәрілік заттарды дайындалған сулы бөліністерге осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген ретпен үстемелеп қосады.

1) Дәрілік өсімдік шикізатынан алынған экстракциялаудың бірдей жағдайын талап ететін көп компонентті сулы бөліністер.

Әсер ететін және қосалқы заттардың физикалық-химиялық қасиеттеріне байланысты экстракциялаудың бірдей режимін талап ететін дәрілік өсімдік шикізатынан алынған сулы бөліністерді шикізаттың гистологиялық құрылымын есепке алмастан, бір инфундирлі (сүзгіші бар) стақанда дайындайды.

1 9 м ы с а л .

Rp.: Infusi rhizomatis cum radicibus Valerianae ex 10,0 - 200 ml  
Infusi foliorum Menthae piperitae ex - 4,0

Уақталған өсімдік шикізатын (10 г шүйгіншөп тарам тамырлы тамыры мен 4 г жалбыз жапырағын) инфундирлі стақанның тесікті цилиндріне орналастырып, 328 мл тазартылған су құяды. Экстракцияға арналған су көлемін мына формула бойынша есептеп шығарады:

$$V = V_1 + (K_{в1} \times M_1 + K_{в2} \times M_2),$$



мұнда:  $V$  - экстракция үшін тазартылған су көлемі, мл;  
 $V_1$  - рецепт жазбасында көрсетілген сулы бөлініс көлемі, мл;  
 $M_1$  - экстракция үшін алынған шүйгіншөп тарам тамырлы тамырының салмағы, г;  
 $M_2$  - экстракция үшін алынған жалбыз жапырақтарының салмағы, г;  
 $K_{в1}$  - шүйгіншөп тарам тамырлы тамырының су сіңіру коэффициенті, 2,9 мл/г;  
 $K_{в2}$  - жалбыз жапырақтарының су сіңіру коэффициенті, 2,4 мл/г.

Инфундирлік стақанның қақпағын тығыз жауып, инфундирлік аппаратқа орналастырады және инфундир стақанның қақпағын ашпастан 15 минөт қайнаған су буында ұстайды. Бөлме температурасында 45 минөттен кем емес уақыт суытады. Сүзіп алып, шикізатты сығады, дайындалған тұнбаның көлемін өлшейді және қажет болса көлемді сумен 200 мл-ге дейін жеткізеді.

2) Экстракциялаудың түрлі жағдайларын талап ететін дәрілік өсімдік шикізатынан алынатын көп компонентті сулы бөліністер.

Экстракциялау үшін тазартылған судың мүмкін болар ең жоғары, бірақ 10 еседен кем емес көлемін қолдана отырып, бөлек дайындайды.

2 0 м ы с а л .

Rp.: Radicum Althaeae 10,0  
Rhizomatis cum radicibus Valerianae 8,0  
Herbae Leonury Foliorum Farfarae ana 20,0  
Corticis Viburni 25,0  
Aquae purificatae ad 1000 ml

Жазба құрамына экстракциялаудың түрлі режимдерін талап ететін шикізаттың мынадай түрлері енген:

алтей тамырлары - бөлме температурасында тұндырады;  
шүйгіншөп тарам тамырларының тамыры, сасықшөп шөбі және өгейшөп жапырақтары - қолданымдағы МФ бойынша реттелетін жалпы ережеге сай тұндырылады;

шәңгіш қабығы - қайнатпаны дайындау МФ-ның жалпы ережелері бойынша.

10 г алтей тамырларынан шырышты негіздегі полисахаридтерді барынша бөліп алу үшін алтей тамыры тұнбасының 5% концентрациясының 200 мл сулы бөлінісін дайындайды.

Шикізат салмағын және тазартылған су көлемін шығын коэффициентін ( $K_{шығын}$ ) ескере отырып есептейді. Алтей тамырлары тұнбасының түрлі концентрациялары үшін  $K_{шығын}$  мәні осы Ереженің 13-қосымшасында берілген.

Алтей тамырының 5% тұнбасы үшін  $K_{\text{шығын}} = 1,3$ ; шикізаттың салмағы - 13 г (10 г x 1,3); тазартылған су көлемі - 260 мл (200 x 1,3).

Шәңгіш қабығы қайнатпасын 1:10 арақатынасында дайындайды, яғни 25 г қабықтан - 250 мл қайнатпа. Шәңгіш қабығын экстракциялауға арналған су көлемі су сіңіру коэффициентін (2 мл/г) есепке алғанда - 300 мл (250 + 25x2). Шүйгіншөп тарам тамырлы тамырының, сасықшөп шөбінің, өгейшөп жапырақтарының тұнбасын 550 мл (1000 - 200 - 250) көлемде дайындайды. Экстракциялауға арналған тазартылған су көлемі 673 мл (550 + 8 x 2,9 + 20 x 2 + 20 x 3) құрайды.

Барлық үш бөліністерді бөлек дайындайды, тазартылған сумен: 200 мл, 250 мл және 550 мл тиісті көлеміне жеткізіп, біріктіреді.

3) Құрамында шикізаттан алынатын сулы бөліністер бар дәрілік түрлер мен сулы бөліністерде ерітілетін қатты заттар.

Шикізаттан алынатын сулы бөліністерді дайындағанда дәрілік заттардың концентрацияланған ерітінділерін пайдалануға жол берілмейді. Қатты дәрілік заттарды дайын сулы бөліністерде араластыру кезінде ерітеді және сол сулы бөліністі сүзген сүзгі арқылы өткізіп, босатылуға арналған сауыттарға құяды. Қажет болғанда тазартылған дәрілік түрді жазбада көрсетілген көлемге дейін жеткізеді.

2 1 м ы с а л .

Rp.: Infusi rhizomatis cum radicibus Valerianae ex 10,0 - 200 ml  
Infusi foliorum Menthae piperitae ex 4,0  
Coffeini Natrii benzoatis 0,4  
Natrii bromidi 3,0  
Magnesii sulfatis 0,8

Дайындалған тұнбаны тұғырлы ыдысқа сүзіп құяды (тұнбаны дайындауды 19 мысалдан қараңыз), 0,4 г кофейн-натрий бензоатын, 3 г натрий бромидін, 0,8 г магний сульфатын араластыра отырып ерітеді және жоғарыда көрсетілгендей етіп босатылуға арналған сауыттарға сүзіп құяды.

Микстураның көлемі дәрілік затты еріткеннен кейін 1,44 мл-ге артты (осы Ережелердің 9 қосымшасы), бұл ауытқуға жол берілетін (+ 2%) нормаға сай және оны бақылағанда есепке алынбайды.

2 2 м ы с а л .

Rp.: Infusi herbae Leonuri 200 ml  
Analgin 5,0  
Kalii bromidi  
Natrii bromidi ana 4,0  
Tincturae Valerianae 6 ml

Еріткенде анальгиннің, калий бромидінің және натрий бромидінің көлемі  $5,5$  мл ( $5 \times 0,68$ ) + ( $4 \times 0,27$ ) + ( $4 \times 0,26$ ) ауытқуға жол берілетін нормаға сай емес. Ерітілген заттардың қосынды концентрациясы 3%. Сондықтан тұнбаны дайындауға қажет су көлемін сасықшөп шөбінің суды сіңіру коэффициенті мен қатты затты еріткендегі микстура көлемінің өзгеруін ескере отырып есептеп шығарды.

Тұнбаны дайындау үшін 20 г уақталған сасықшөп шөбіне 234,5 мл ( $200 + 20 \times 2 - 5,5$ ) тазартылған су құяды, технологияның жалпы ережелері бойынша тұндырады және сүзгіден өткізеді. Алынған су бөлінісінде дәрілік заттарды ерітеді және тағы да сүзгіден өткізеді.

Сүзгіден өткізілген ерітіндінің көлемін өлшейді, қажет болса оны тазартылған сумен 200 мл-ге дейін жеткізеді және 6 г шүйгіншөп тұнбасын қосады.

Дайындалған микстураның жалпы көлемі 206 мл құрайды.

4) Экстракттардан (концентраттардан) су бөліністерін дайындау.

Стандартталған құрғақ (1:1) және сұйық (1:2) экстракттар (концентраттар) қатты дәрілік заттарды еріту ережелері бойынша (осы Ереженің 22-тармағының 3)-тармақшасы) және галендік пен галендік емес дәрілік заттарды енгізу бойынша (осы Ережелердің 14-тармағы) сұйық дәрілік түрлер құрамына кіреді.

5) Дәрілік өсімдік шикізаты мен экстракттарды (концентраттарды) бірге қолдана отырып, сулы бөліністерді дайындау.

20 - м ы с а л д ы                    қ а р а ң ы з .

Микстураны алтейдің құрғақ экстрактын (1:1), шүйгіншөп пен сасықшөптің сұйық (1:2) экстракттарын (концентраттарын) және дәрілік өсімдік шикізатын (өгейшөп жапырақтары мен шәңгіш қабығын) пайдалана отырып дайындайды.

Шүйгіншөптің сұйық экстрактын 16 мл, ал сасықшөптің сұйық экстрактын - 40 мл мөлшерінде алу керектігін ескерсек, шикізаттан алынатын су бөлінісі  $944$  мл көлемде дайындалуы керек.

Нақты экстракцияны қамтамасыз ету үшін бөлінулердің көлемін жазылып берілген шикізат салмағына пропорционал етіп былайша белгілейді: 25 г шәңгіш қабығынан 524 мл қайнатпа; 20 г өгейшөп жапырақтарынан - 420 мл тұнба дайындайды.

Тазартылған судың шәңгіш қабығы қайнатпасын дайындауға арналған көлемі  $574$  мл ( $524 + (25 \times 2)$ ); өгейшөп тұнбасын дайындауға арналған көлемі -  $480$  мл ( $420 + (20 \times 3)$ ) құрайды.

Экстракциялау режимдері қолданымдағы МФ-мен реттеледі.

Дайындалған су бөліністерін біріктіргеннен кейін оларда 10 г алтейдің сұйық экстрактын ерітеді (көлемнің өзгеруі ауытқудың жол берілетін нормасына сай), босатылуға арналған сауытқа сүзіп құйып, 16 мл шүйгіншөп экстрактын және 40 мл сасықшөп экстрактын үстемелеп қосады.

Микстураның жалпы көлемі 1000 мл (524 + 420 + 16 + 40) құрайды.

б) Құрамында дәрілік өсімдік шикізатынан, экстракттардан (концентраттардан) алынған сулы бөліністер дәрілік түрлер мен еритін қатты дәрілік заттар.

2 1 - м ы с а л д ы                    қ а р а ң ы з .

Дәрілік түрді дайындаған кезде 20 мл шүйгіншөп экстракты (концентраты) (1:1) қолданылуы мүмкін екені ескеріліп, МФ-ның жалпы ережелері бойынша 4 г жалбыз жапырағынан 180 мл тұнба дайындалады.

Жалбыз жапырағынан алынған су бөлінісін дайындауға арналған тазартылған су көлемі 189,6 мл (180 + 4 x 2,4) құрайды.

Дайындалған тұнбада қатты дәрілік затты ерітеді және босатылуға арналған сауытқа тікелей сүзіп құйғаннан кейін шүйгіншөптің 20 мл-ін өлшеп алады.

Экстракттардан (концентраттардан) алынған сулы бөліністерді дайындау үшін дәрілік заттардың концентратталған ерітінділері пайдаланылуы мүмкін.

2 2 - м ы с а л д ы                    қ а р а ң ы з .

Концентрацияланған дәрілік ерітінділерді пайдалану арқылы дәрілік түрлерді дайындағанда, концентрацияланған ерітіндісі болмауы себепті анальгинді еріткен кездегі көлем өзгерісін ескеру керек.

Көлемнің өзгеруі ауытқуға жол берілетін нормаға сай келетін анальгиннің ең жоғары концентрациясы 1,47%, ал жазбадағы анальгин концентрациясы - 2,43.

Тұғырлы ыдысқа 116,6 мл тазартылған суды (120 - 5 x 0,68) өлшеп алады және оған 5 г анальгинді ерітеді. Ерітіндіні босатылуға арналған сауытқа сүзіп құяды және 20 мл 20% калий бромиді ерітіндісін, 20 мл 20% натрий бромиді ерітіндісін, 40 мл сасықшөп сұйық экстрактын (концентратын) (1:1) және 6 мл шүйгіншөп тұнбасын үстемелеп қосады.

Микстураның жалпы көлемі - 206 мл.

23. Суспензиялар мен эмульсияларды дайындаудың кейбір ерекшеліктері.

Ішуге, сыртқа және парентеральдық қолдануға арналған суспензиялар мен эмульсияларды қолданымдағы МФ-ның талаптарына сай дайындайды.

Құрамында 3% және одан көбірек ерімейтін қатты дәрілік заттар бар суспензияларды, сондай-ақ эмульсияларды заттардың концентрациясына қарамастан салмағы бойынша дайындайды, суспензияны дайындағанда суға еритін дәрілік заттардың концентрацияланған ерітіндісін пайдаланбайды.

2 3                    м ы с а л .

R p . :            Z i n c i            o x y d i

T a l c i            a n a            2 0 , 0

G l y c e r i n i            3 0 , 0

A q u a e            p u r i f i c a t a e            1 0 0            m l

Белгілі салмақты босатуға арналған сауытқа 30 г глицеринді алдын-ала өлшеп алады. Күпшекте мырыш тотығын уатады, талькті және босатылуға арналған

сауыттағы 20 г глицеринді қосады. Қоспаны мұқият араластырады және біртіндеп, аздаған порциялармен тазартылған суды қосып, суспензияны босатылуға арналған сауытқа шайып құйып отырады.

Суспензияның салмағы - 170 г.

2 4 м ы с а л .

Rp.: Sulfuris praecipitati 7,0

Acidi salicylici 2,0

Glycerini 5,0

Streptocidi albi 3,0

Camphorae 3,5

Spiritus aethylici 50 ml

Solutionis Asidi borici 3% - 50 ml

Күпшекте 3 г стрептоцидті, 7 г күкірт пен 5 г глицеринді уатады, оған 12,5 мл тазартылған су қосады және қоспаны араластырады. Қоспаға бөліктермен 37,5 мл 4 % бор қышқылы ерітіндісін (1,5) үстемелеп қосады, күпшектегіні белгілі салмақты босатуға арналған сауытқа шайып құйып отырады. Ең соңғы кезекте алдын-ала дайындалған салицил қышқылы ерітіндісін және 50 мл 90% спирттегі камфараны үстемелеп қосады. Сауыттағыны араластырып, мұқият тығындап ж а б а д ы .

Суспензияның салмағы 112,41 г құрайды, өйткені 50 мл 90% спирттің салмағы - 41,46 г (тығыздығы - 0,829 г/мл); 37 мл 4% бор қышқылы ерітіндісінің салмағы - 37,95 г (тығыздығы - 1,010 г/мл) болады.

Бензилбензоат эмульсиясының құрамы мен дайындалуы осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес.

#### 24. Концентрацияланған ерітінділерді дайындау:

Концентрацияланған ерітінділер (концентраттар) - рецептке жазылған осы заттардың концентрациясына қарағанда едәуір жоғары концентрацияда алдын ала дайындалған дәрілік заттар ерітіндісі.

